Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор Қосымова Гүлбанудың
8D02307- Қазақ филологиясы білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындалған Рамазанов Талғат Бекбулатовичтің «Көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс филология ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның мақсаттарын шешуге бағытталған. Атап айтқанда, диссертация тақырыбы мен мазмұны: 1.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазан №726 қаулысымен Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту; 2. Өмір бойы білім алу қағидаты негізінде мектепке дейінгі білім беруден жоғары оқу орнынан кейінгі білімге дейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету; 3.ТжКБ ұйымдары мен жоғары оқу орындарында парасаттылық қағидаттарын енгізу бағыттарына сәйкес жазылған.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе	1) Диссертацияда мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалғандығы туралы ақпарат берілмеген.

		нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	2) Диссертацияда басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғандығы жайлы мәлімет көрсетілмеген. 3) Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді. Ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Аталған диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады. Ғылыми жұмыстың зерттеу нысанына айналып отырған диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері шетелдік және отандық ғалымдар тарапынан сөйлеу актісі негізінде қарастырылғанымен, қазақ тілінде арнайы тақырып ретінде кешенді зерттелмегендігі белгілі. Сөйлеу актісіндегі диалог ұғымына қатысты жүргізілген зерттеулердің болуына қарамастан, көркем

			мәтіндегі диалогті прагматикалық және антропөзектік көзқарастардың қолданылуы тұрғысынан зерттеу маңызды болып табылады. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы «тілдегі адамды тану» ұстанымына сәйкес автор мен кейіпкерге, оның әртүрлі әлеуметтік, психологиялық және тұлғалық қасиеттеріне талдау жасауы тұлғаның әлеуметтік мәртебесін, оның мінез-құлқын, образды ойлау жүйесін, таным тереңдігін, сөз сөйлеу шеберлігін және сөздік қорының байлығын түсінуге көмектеседі. Сөйлеу актілері теориясында тілдік тұлғаның әлеуметтік «Менін», психологиялық «Менін», интеллектуалдық «Менін» ашуда олқылықтар бар. Осы олқылықтарды толтыру мақсатында зерттеуші алдына заман талабына сай нақты міндеттерді қоя отырып, жаңаша әдіс-тәсілдермен зерттеудің нәтижесінде, жинақталған материалдар мен теориялық әзірлемелер арқылы тәжірибеде тілдік Тұлға деңгейінің көтерілу парадигмасын ұсынып отыр. Осы бағытта жазылған бұл жұмыс қазақ тіл біліміндегі антропөзектік және функционалды-коммуникативтік бағыттағы зерттеу үдерісіне маңызды үлес қоса алады. Атап айтқанда, диалогті этномәдени бірлік ретінде қарастырып, көркем мәтіндегі тілдік деректердің тіл мен қоғам, тіл мен мәдениет, тіл мен сана сабақтастығына сәйкес кешенді түрде зерттелуі қазақ лингвомәдениеттану іліміне өзіндік үлесін қосады. Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасында диалог сөйлеу

			актісін жандандырудың, функционалды сауаттылықты арттырудың, тұлғалық қасиеттерді дамытудың негізгі шарты ретінде алынғандықтан, зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер жұмыстың ғылыми жаңалығы мен функционалды қолданыстағы маңыздылығын арттыра түседі.
	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың ғылыми жұмысты өзінің жазғанын, басқа біреулерден көшірмегенін дәлелдейтін айғақтар диссертация мазмұнынан жете аңғарылады. Диссертация мазмұны бойынша жарияланған мақалалардың жарияланымы мен дәйек ретінде келтірген сілтемелердің шынайлылығы да өзінің жазғанын көрсетеді. Сонымен қатар диссертанттың тақырыптың зерттелуіне қатысты еңбектерге жасаған талдауларынан да жұмысты өзі жазу деңгейінің жоғарылығы танылады. Зерттеу жұмысында академиялық жазылымға қойылатын талаптар сақталған. Диссертация авторының тақырыпты түсініп, жұмыс мазмұнын ашатын теорияларға талдау жасауда және оны практикалық тұрғыда негіздеуде ой желісінің логикалық сабақтастығын сақтауы, екіұшты ой тудыратын құрылымдарды қолданбауы автордың жұмысты өзі жазғандығын көрсетеді және оның жазылу деңгейі жоғары деп санауға негіз бола алады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген;	Диссертация тақырыбы мен көтерілген мәселелердің өзектілігін диссертант диалогті тұтастықта қарастырып, оны қоғамның ұлттық-мәдени қалыбымен, әсіресе тілдік тұлғалардың сөйлеу тілімен және көркем мәтіндегі диалогтің

		3) негізделмеген.	лингвомәдени ерекшеліктерін ашумен, дискурс пен диалогтің арақатысын сөйлеу актісіндегі даму үрдісімен байланыстыра негіздеуі құрайды. Қазақ филологиясында өзекті болып табылатын сөйлеудің коммуникативтік түрлері, диалогқа түсушілердің прагматикалық мақсаты, коммуникативтік ортада қалыптасқан тілдік бірліктердің функционалды-семантикалық ерекшеліктері, диалог арқылы танылатын автордың тілдік тұлғасын сомдау әрбір тарау мен тараушаларда толық негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігін диссертация тарауларында көтерілген мәселелер мен оны теориялық тұрғыдан дәйектеуі және қорғауға ұсынылатын тұжырымдарының ғылыми жаңалығы дәлелдейді. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертацияның құрылымдық сипаты мен әр тараудың соңында жасалған түйіннен көрінеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысы кіріспе, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиет тізімінен тұрады. Бірінші тарау көркем мәтіндегі диалогтің құрылымдық әрі семантикалық ерекшеліктерін айқындау мақсатында «мәтін», «дискурс», «диалог» ұғымдарының арақатынасын, диалогтің функционалды-коммуникативтік сипатын анықтауға арналған. Екінші тарауда көркем мәтіндегі диалогтің метаментальді және этноментальді түрлері, айтыс пен шешендік сөздердегі диалогтік

			қатысым түрлері және диалогке түсушілердің гендерлік ерекшеліктері анықталған. Ал үшінші тарауда көркем мәтін диалогіндегі тілдік тұлғаның бейнесі, образды ойлау жүйесі мен ұлттық-мәдени танымы, сөйлеу шеберлігі мен сөз әдебі, жағдаяттарда қолданған стратегиялары мен тактикалары талданған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің міндеттері қойылған мақсатқа, зерттеу нысаны мен пәніне, ұсынылған ғылыми болжамына сәйкес келеді. Ізденуші көркем мәтіндегі диалог арқылы танылатын этномәдени болмыс пен тілдік тұлғаны анықтауды ашу мақсатымен сөйлеу актісі мен тілдік қатынас теориясының ғылыми негіздерін басшылыққа ала отырып, 5 міндетті шешкен.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімі бір-бірімен логикалық байланыста құрылған. Әр бөлімнен кейін берілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып, жұмыстың жалпы қорытындысын негіздейді. Соның нәтижесінде диссертацияның барлық бөліміндегі ой-түйіндері, қорғауға ұсынылған тұжырымдары мен нәтижелері ішкі бірлікте тұтасқан. Ғылыми жұмыстың барлық тараулары мен тараушалары бір-бірімен логикалық жағынан байланысатын кілт сөздер мен ұғымдардан тұратын ортақ желі арқылы бірінен біріне жеңіл әрі түсінікті түрде ауысып, жүйелі талданып отырады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер)	Диссертацияда автор ұсынған тұжырымдар (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, өзіне дейінгі зерттеу еңбектеріндегі алынған шешімдермен салыстырылып

		дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	бағаланған: өзіндік талдауы да бар және басқа авторлардың пікірлеріне де негізделіп берілген. Авторлық пікір өзге ғалымдардың көзқарастарымен жүйеленіп ұсынылған.
3.35.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу жұмысында қол жеткізген нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады. Мұндай қорытынды жасауға негіз болған факторлар мыналар: -көркем мәтінде автор кейіпкерді бейнелеуде диалогті төрт түрлі мақсатта жұмсайтындығын анықтауы (бұл туралы 1.3-тараушада айтылады); -диалогтің синтаксистік құрылымының диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кіріспе болып анықталуы (жұмыстың 1-тарауы осы мәселеге арналған); -диалогтік ойтолғамның монологтан айырмашылығы бар екендігін талдауы (диссертацияның 2-тарауында толық қарастырылады); .-ұлттық салт-дәстүрлер мен материалдық мәдениет үлгілері арқылы жасалған бейвербалды амалдар және әлеуметтік мән иеленген кинемалар арқылы диалогтік сипатқа ие болатындығына талдау жасауы

			(диссертацияның 3.2-тарауында толық қарастырылады); -тарихи романдар құрылымында диалогтің маңызы тарихи кейіпкерлердің бейнесін ашуда көрінетіндігі (диссертацияның 3.3 тараушасында талданған).
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. 1.Бірінші бөлімнің қорытындысы жаңа; 2.Екінші бөлімнің қорытындысы жаңа; 3.Үшінші бөлімнің қорытындысы толығымен жаңа. Диссертация қорытындыларының жаңалық деңгейі зерттеу мазмұнында толық дәйектелген
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Иә, жаңа және негізделген деп санауға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда	Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Жұмыстың құрылымы, мақсаты мен міндеттерінің орындалуында

		ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негіз делмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	мол тілдік деректердің ғылыми-сипаттамалық талдануы, мазмұнына сай қорғауға ұсынылған тұжырымдары, зерттеу қорытындысы толық негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.1 Ғылыми жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Ғылыми жұмыста қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Ғылыми жұмыста қағидаттар жаңа. 7.4 Ғылыми жұмыстағы қағидаттардың қолдану деңгейі кең ауқымды. 7.5 Ғылыми жұмыстағы қағидаттар шетелдік және отандық журналдарда 8 ғылыми мақала түрінде дәлелденген. Соның ішінде, 1 - мақала Ресей ғылыми дәйексөз индексі (РИНЦ) базасына кіретін басылымда, 5 - мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда, 2 - мақала халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған	Зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты жазылған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Зерттеудің әдіснамалық, әдістемелік негіздерін анықтауда мәнмәтіндік сипаттамалық әдіс,

		1) ия; 2) жоқ	құрылымдық-семантикалық, коммуникативті-прагматикалық, функционалды-стилистикалық талдау әдістері және мәтінді интерпретациялау әдісі қолданылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелеріне ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен деректерді пайдалану, сұрыптау, өңдеу, интерпретациялау арқылы қол жеткізілген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент	Иә. Барлық қорытынды, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу жұмысындағы теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талданған, тілдік материалдармен дәлелденген.

		негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысын жазу барысында тақырыпқа қатысты бұрын-соңды жарияланған ғылыми сенімді еңбектерге сүйеніп, монография, кандидаттық және докторлық диссертациялар, ғылыми мақалалар талданып, оларға сілтеме беріліп расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Отандық және шетелдік дереккөздер, яғни 192 әдебиет қолданылып, сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Тың тақырыпқа жазылған диссертацияның теориялық маңызы бар. Зерттеу жұмысындағы ғылыми дәйектелген түйінді тұжырымдарды мәтінтану, сөйлеу актілері, диалог теориясы, коммуникативтік лингвистика, лингвомәдениеттану, тіл мәдениеті сияқты ғылыми бағыттар бойынша оқытылатын арнайы курстарда теориялық материал ретінде пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Ия. Ғылыми жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу барысында жинақталған тілдік материалдарды танымдық сипаттағы иллюстративтік материал ретінде, коммуникативтік актіге қатысты сөздік құрастырғанда тілдік дерек ретінде қолдануға болады.

		1) ия; 2) жоқ	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары: таза ғылыми стильде жазылған. Диссертациялық жұмыстың тілі мен стилі академиялық жазу талаптарын толық қанағаттандырады. Зерттеудің құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның мазмұнына қатысты ұсыныс-ескертулер: 1.Диссертацияның қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдарын толықтырып бергенде дұрыс болатын еді, себебі жұмыста зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар бесеуден көбірек. Мысалы: дискурс пен диалогті салыстырудың негізінде диалогтің анықталған өзіндік ерекшелігі мен белгілері туралы тұжырым жасалған. Көркем шығармадағы коммуникативтік актіде қолданылатын коммуникативтік ниеттерді де басты тұжырымдарға жатқызуға болар еді. Көркем шығармадағы диалогтің қызметін де (сюжетті бейнелі дамыту,

			кейіпкерді мінездеу қызметі, көркемдік қызметі, шығарманың бедерін анықтау қызметі) қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырым ретінде көрсетуге болатын. Сондай-ақ, көркем мәтіндегі диалогтің түрлері 2.1 тараушада талданып, жіктелісі сызбамен жақсы берілген. 2. «Көркем мәтіндегі диалогтің сипаты» деп аталатын тарауда бұрыннан белгілі мәтінге қатысты анықтамалар мен ережелерді бермеген дұрыс еді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының саны – 8. Соның ішінде, Ресей ғылыми дәйексөз индексі (РИНЦ) базасына кіретін басылымда жарық көрген мақаланың ғылыми деңгейі жоғары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда басылған 5 мақаланың да ғылыми деңгейі жоғары, диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулардың мамұнымен сәйкес келеді. Халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрген 2 мақаланың да ғылыми деңгейі жоғары, зерттеудегі міндеттерді шешуді көздеген тарауларға сай келеді.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Рамазанов Талғат Бекбулатовичтің 8D02307- Қазақ филологиясы мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алу үшін дайындаған «Көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері айқын, ғылыми жаңалығы мен теориялық,

			практикалық маңызы жоғары, зерттеу нәтижелері ғылыми жұмыстың талаптарына сай келеді деп бағалап, 8D02307- Қазақ филологиясы мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Ресми рецензент,
филология ғылымдарының
докторы, профессор **Қосымова Гүлбану**

КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ
НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ